

# СТ 19


# Ceresit

## БЕТОНКОНТАКТ – АСТАР

Сылақтарды және тақташа желімдерін жағу алдында жылтыр негіздерді өңдеуге арналған бетонконтакт – астар

### ҚАСИЕТТЕРІ

- материалдардың бетонға және жылтыр беттерге жабысқақтығын арттырады;
- бу өткізбейді;
- тек ішкі жұмыстар үшін жарамды;
- қолдануға дайын;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.



### ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 19 астары ішкі жұмыстар кезінде жылтыр, көбінесе бетон, тік негіздерді цемент-құм сылақтарын және тақташа желімдерін жағу алдында өңдеуге арналған. Астардың құрамына өңделген бетті кедір-бұдыр қылатын ұсақ кварц құмы кіреді, оның арқасында әрлеу материалдарының жылтыр негіздерге жоғары жабысқақтығы қамтамасыз етіледі.

### НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.02.29-2004 талаптарына сәйкес болуға, жеткілікті көтергіш қабілеті болуға, құрғақ және шаңнан және басқа ластанулардан (майлардан, лак-бояу жабындарынан) тазартылған болуға тиіс. Негіздің берік емес учаскелерін, әлсіреген беттік қабатты, цемент сүтін жою керек. Беттің саңырауқұлақпен, балдырлармен немесе мүкпен зақымдалған учаскелерін болат шөткелермен тазартыңыз және СТ 99 фунгицидтік құралымен өңдеңіз.

Негізді тегістеу үшін СТ 29 сылақ қоспасын немесе Ceresit Сылақты пайдалану ұсынылады.

Терезелерді, есіктерді және астарлауға жатпайтын өзге элементтерді сырлау таспасымен жабыңыз.

### ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Қолданар алдында астарды зауыттық ыдыста араластырыңыз. Астарды негізге қылқаламмен бір өтіп тұтас бірқалыпты қабатпен жағады.

Астарды сумен сұйылтуға және білікшемен жағуға болмайды! Астар шамамен 3 сағат ішінде кебеді, содан кейін әрі қарай жұмыстарды



орындауға болады. Астарланған бет металл үккіштің қырымен сызуға төзімді болуға тиіс.

Астардың жаңа қалдықтары сумен оңай кетіріледі. Кепкен астарды еріткішпен жоюға болады.

### ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Басқа жағдайларда астардың кебу уақытының өзгеруі мүмкін.

### ЕСКЕРТУЛЕР

Осы нұсқаулықтан басқа, астармен жұмыс істеген кезде құрылыс жұмыстарын орындау бойынша жалпы нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек. Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген. Материалды нақты қолдану мүмкіндігінде күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе дайындаушыдан кеңес алу керек.

### САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Жұмыстарды орындаушылар арнайы киіммен, резеңке қолғаппен және қорғайтын көзілдірікпен қамтамасыз етілуіне тиіс. Астардың теріге, көзге және тыныс ағзаларына түсуіне жол бермеңіз. Қоспа көзге түскен жағдайда оны дереу сумен жуып дәрігерге көріну керек. Балалар жетпейтін жерде сақтаңыз.

### САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпнұсқалық зақымдалмаған және қымтаулы қаптамада, +5-тен +35°C дейін температурада - дайындалған күнінен 12 айдан ұзақ емес. Мұздап қатудан сақтандырыңыз!

Henkel

Качество для Профессионалов

## ҚАПТАМА

СТ 19 астары 10 литрлік полимер шелектерде жеткізіледі.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 19 құрамы:	пигменттер мен минерал толтырғыштар бар акрилаттар сополимерлерінің су дисперсиясы
Сыртқы түрі:	біртекті қою сұйықтық
Тығыздығы:	1,5 ± 0,1 кг/дм <sup>3</sup>
Түсі:	қызыл
Тасымалдау және сақтау температурасы:	+5-тен +35°С дейін
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°С дейін
Кебу уақыты:	3 сағаттан бастап
7 тәулік бұрын құйылған бетонға жабысулық:	кем дегенде 0,5 МПа
СТ 19 шығыны:	0,3-0,75 кг/м <sup>2</sup> негіздің сіңіру қабілетіне байланысты